

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
КҰРЧАТОВ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША  
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ  
«№4 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН  
ОРТА МЕКТЕБІ»  
КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ  
071100, КҰРЧАТОВ ҚАЛАСЫ  
АБАЙ КӨШЕСІ, 50 ҒИМАРАТ

2021 ж. 06 16


№ 107

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы  
«Курчатов қаласы бойынша білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің  
басшысы А.Ж. Улукпановаға**

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Курчатов қаласы бойынша  
білім бөлімінің «№4 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ  
Мектеп жанындағы «Ақ көгершін» жазғы сауықтыру алаңының  
қорытынды есебі**

Оқушылардың жазғы демалыстарын көтеріңкі көңілмен өткізуіне, салауатты өмір салтын қалыптастыруына нұсқау беру. Балаланың денсаулығына пайдалы іс-шаралар өткізу барысында 2021-2022 оқу жылы маусым айының 01 күнінен 15 күніне дейін мектеп жанындағы «Ақ көгершін» жазғы сауықтыру алаңы жұмыс жасады. Жұмыс барысында балаларды қарсы алу, таңертеңгі жаттығу, таңғы ас, ертеңгіліктер, ойын түрлері, қол өнер, шеберлік сағаты, түскі ас, таза ауада серуен, бесін ас және қорытынды жұмыстары күнделікті күнтізбесі бойынша жүргізілді.

Маусым айының 01 күні лагерь ережелерімен таныстыру және 01 маусым Балаларды қорғау күніне арналған «Біз бақытты балаламыз» мерекелік іс-шарасы өтті.



Маусым айының 02 күні оқушыларға «Қазақтың ұлттық ойындары» туралы мәлімет беру, тақырып бойынша білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, тиянақтау, грамматикалық ұғымдарды сауатты әрі дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастыру. Қазақтың ұлттық ойындары асық ойнау, қол күрес, тақия тастамақ ойындары арқылы балаларға қазақтың салт – дәстүрі, әдет – ғұрпын, туған елге, жерге, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру мақсатында «Білгенге маржан», «Ұлттық ойындар» командалық кездесу өтті.



Маусым айының 03 күні «Қош келдіңдер, балдырғандар!» тақырыбында мектеп жанындағы «Ақ көгершін» жазғы сауықтыру алаңының ашылу салтанаты өтті. Балалар ән, би, ертегі т.б. өз өнерлерін көрсетіп, бағалы сыйлықтарға ие болды.




4 маусым Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер күніне орай «Мемлекеттік рәміздер-мақтанышым» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.



Маусым айының 06 күні Ең, ең, ең..., Сен әртіс боласың ба? тақырыптарында іс-шара өтті. Балалар арасынан «Ең ұзын адам», «Ең ұзын шаш», «Ең ұзын фамилия», «Ең жылдам адам» номинациялары бойынша марапатталды.



Маусым айының 07 күні балалардың көңіл күйін көтеру, биге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Кел, билейік, достар!», «Бодиарт» сурет салу іс-шарасы өтті.



Маусым айының 08 күні «Бөлмеде ойналатын ойындар», «Лагерь ханшайымы» іс-шарасы өтті.



Маусым айының 09 күні «Ертегілер еліне саяхат», «Өнерлі өрге жүзер» іс-шарасы өтті.






Маусым айының «лагерь ханзадасы-2022», «Су патшасы» күні өтті.



14 маусым күні «Оқуға құштар» мектеп аясында балалар түрлі кітаптар, қызықты ертегілер оқып, түсінгендерімен бөлісті. «Топсеруен» асфальтқа сурет салу демалыс саяхаты өтті.



15 маусым күні «Жақсылықпен кездесейік» тақырыбында мектеп жанындағы «Ақ көгершін» жазғы сауықтыру алаңының жабылу салтанаты өтті.



Мектеп директоры

Қ.М.Малгаждарова

Орындаған. М.Н. Алтысбаева  
87055428411